

Ығысу құбылысы және грамматикалық синкреттену

Баймұрынов Ж.М.

Қарағанды «Болашақ» университеті

В статье рассматривается проблема влияния деактуализации на явление синтаксического синкретизма. Приводятся примеры трансформации в дополнение компонента, выполняющего функцию определения в соподчинительном словосочетании в результате деактуализации служебного слова в подчиненном компоненте и перехода полного словосочетания в управление. Языковые факты утверждают относительность данного явления к синкретизму дополнения и обстоятельства в целом.

The article devotes problem of deactuality on the phenomenon of syntactic syncretism. There are examples of transformation in addition of the component which is carrying out function of definition in twice word-combination as a result of deactuality of a syntactic word in the subordinated component and transition of a full word combination in management have been resulted. The language facts confirm a relativity of the given phenomenon to syncretism additions and circumstances as a whole.

Сөйлем құрамындағы анықтауыш мүшелердің әдепкі толықтауыштардың орнына жұмсалы реті жайлы қабыса байланысқан тіркестерге қатысы ілгерідегі жұмыста егжей-тегжейлі сөз болып, сонымен қатар тілдегі ығысу құбылысының әсерінен анықтауыштың толықтауыш орнына жұмсалыуының матаса байланысқан тіркестерден де көрінетіндігі айтылған болатын. Бұл бойынша, ығысуға тиіс сөз — матаса байланысқан тіркестің басыңқы сыңарындағы көмекші сөз. Осындағы ығысудың басты себебі көмекші сөздердің жеке тұрғанда семантикалық мағына бермейтіндігінде болса керек. Екіншіден, матасуда мекендік мән көрсеткішіне ие болатын көмекші сөздердің сол сияқты мекендік мәні бағыныңқы сыңарда да болуы, сөз жоқ, оның (көмекші сөздің) ығысуына негіз болады.

Толымсыз құрылыстағы анықтауыштардың толықтауыш орнына жұмсалыуы кей жағдайларда қабысуды меңгеруге жақындатса, толықтауыштың қызметін көмекші сөздердің түсірілуінен атқаратын анықтауышты матасудың бұл түрінде де тіркес меңгеруге өтеді. Алайда меңгеріле байланысып тұрған тіркестегі бағыныңқы сөз толықтауыш тұлғасынан бұрын анықтауыш тұлғасында болатыны байқалып тұрады. Айталық, *Алушының сұрағына жығылмай, оны өзінің айтқанына көндіріп үйреткен өктем мінез саудагер күні-түні дүкенінен шықпаса да, айтқаны орындалып жататын* (Ә.Кекілбаев) деген сөйлемдегі «дүкенінен» сөзіне әрі толықтауыштың, әрі пысықтауыштың сұрақтарын қоюға болады. Мұның себебі «*ішінен*» сөзінің түсірілуінде (бағыныңқы сыңардың грамматикалық тұлғасы бойынша бағамдағанда). Егер сөйлемнің әдепкі жоспардағы құрылысы мен қабылданғандағы толымды түріне зер салсақ, аралық мүше (толықтауыш-пысықтауыш) қызметіндегі сөз ілік формасына ауысып, кәдімгі күрделі пысықтауыш болып шығады. Сөз саптау үлгісі бойынша жоспардағы әдепкі сөйлем (мұнан былай. — ЖӘС) және қабылданған сөйлем (мұнан былай. — ҚС) *Алушының (қойған) сұрағына жығылмай, оны өзінің айтқан (сөзіне) көндіріп үйреткен өктем мінез саудагер (Махмұт немесе адам) күні-түні дүкенінің ішінен шықпаса да, айтқан (сөзі) орындалып жататын.* «Бұл етістік (*шық-*. — Ж.Б.) меңгерген сөздер объектілік-мекендік мағынада синкреттенеді», — деген зерттеуші Т.Жүкеев дәл осы тұста ығысу құбылысын

және сол арқылы пайда болатын толымсыз құрылыстағы сөйлем мүшелерінің бір түрден екінші түрге осылайша ауысып отыратындығын назардан тыс қалдырса керек [1; 16].

Есіктен кіріп келгенде, сасқалақтап орнынан көтерілді (Ә.Кекілбаев). Бұл мысалдағы «кір-» етістігі жоғарыдағы тіркестен өзі қатысып тұрған тіркесті ерекшелейді: есіктің сыртынан кіру. Мұндай қолданыс ешқандай логикаға сыймайды. Сондықтан «есік» сөзінде конкретті мекендік мағына болмаса да, ойша қоюға болатын «бері» үстеуі оның пысықтауыштық сипатын арттыра түседі. Шындығында, әр уақытта да «кіру» етістігі қолданылған жағдайда «неден?» деп емес, «қайдан?» деп сұрақ қойылады. Осындай сипаттарына қарай шығыс септікті сөздердің бәрі бірдей анықтауыштың ауысқан түрі еместігі байқалады.

Жалпы анықтауыш мүшелердің толықтауыштық тұлғада жұмсалуды ілік тұлғалы сөздермен тіркесетін көмекші сөздердің ығысуынан келіп шығатындығына тағы біраз мысалдар келтіруге болады. Бұл кейбір барыс тұлғалы сөздерге де қатысты.

Мысалы, *Кешқұрым қызды бөлмесіне шақырып ап, ақыл айтатын* (Ә.Кекілбаев) сөйлемінде де матасудың екінші сыңары маңызсыз. Сондықтан «ішіне» сөзіндегі жалғау меншіктік анықтауышқа қосылып, оны актуалдандырып тұр. Себебі ЖӘС пен ҚС-дағы «бөлме» сөзі қайтадан ілік тұлғасын қабылдайтындығы байқалады: *Кешқұрым қызды бөлмесінің ішіне шақырып ап, ақыл айтатын*. Бұл орайда «бөлмесінің ішіне» синтагмасы да — күрделі пысықтауыш.

Енді мына сөйлеммен салыстырып көрейік: *Қалың ағаштың арасын сирек қондырылған сықсима шамдардың сұйықлт жарығында тәлтіректен келе жатқан мас кісідей қисалаңдаған рабайсыз көлеңке әлгі абажа қақпаның алдына келгенде, бойын тіктеп ала қояр-ды* (Ә.Кекілбаев). Алайда мұндағы «қақпа» сөзі «үй», «дүкен», «бөлме» тәрізді сөздерге қарағанда мекендік жағынан абстрактілі: *қақпаның (жаны, қасы, алды т.б.)*. Оның мекендік мәнін нақтылайтын — осындай көмекші сөздер. Сонысына қарай сөйлемдегі «қақпаның» сөзі анықтауыштық тұлғасына қарамастан, синтетикалық тәсіл арқылы байланысқан күрделі пысықтауыш болады. Ал егер «алдына» сөзін түсіріп, «қақпаға келгенде» тіркесі түрінде қарайтын болсақ, бағыныңқы сөз синкреттенеді.

Сол сияқты, *Тас тротуарға шырт еткізіп бір түкіріп, алысырақтағы автобус аялдамасына қарай жүгіре жөнелер-ді* (Ә.Кекілбаев) деген сөйлемде де «тротуарға бір түкіріп» тіркесі ЖӘС пен ҚС бойынша, «тротуардың үстіне бір түкіріп» түрінде келеді де, синкретті сөз таза пысықтауыштық сипатқа өтеді.

Ал *Москваға жиналысқа кетті* (Ә.Кекілбаев) деген сөйлемдегі синкреттіліктің толымсыздыққа еш қатысы жоқ. Себебі мұндағы толымсыздық бастауыштың түсірілуінен ғана байқалады.

Анықтауыш тұлғалы басынқы сыңардың кей жағдайларда толықтауыштық тұлғаға жатыс септік жалғауымен де өтетіні бар.

Бұрын плащында тасыр салып билеп жүрген ерке тамшылар енді әлденеден естері кете қорқып, көп түтекке ырышып түсіп, безіп бара жатқандай (Ә.Кекілбаев). Қабылданған немесе жоспардағы әдепкі сөйлем тұрғысынан қарағанда, тіркес «плащында билеп жүрген» емес, «плащының үстінде билеп жүрген» түрінде болады. Сөйтіп толымдыға айналған тіркестегі бағыныңқы сыңар пысықтауыш ретінде танылады.

Алайда «Ауылда тұрамын», «Қалада тұрамын» дегендердегі «ауыл», «қала» сөздерінің мекендік мәні конкретті болатындықтан, оларға көмекші сөздері бей-берекет тіркестіре беруге келмейді. Яғни мұндай сөйлемдерге құрылысы жағынан анықтауыш қажет емес. Болған күнде де, ол — сапалық жағынан ғана анықтайды. Ал жоғарыдағы «плащында» сөзіне мұндай анықтаушы көмекші сөз қажет. Себебі онда нақты мекен (*етегі, арқасы т.б.*) белгісіз болып тұрады.

Мұны сөйлем мүшелерінің синкреттілігін арнайы зерттеген Т.Жүкеев те қуаттайды. Мәселен, зерттеуші *Ерік етігін иешіп тастап, пеш түбіндегі (неде? — қайда?) орындықта арқасын қыздырып маужырап отыр* (О.Бөкеев) деген сөйлемді талдай келе, ондағы менгеріле байланысқан екінші тіркестің бағыныңқы сыңарының синкреттенуі жайлы былайша түсіндіреді: «...жатыс септігінде тұрған *орындық* зат есімінде заттық мағынамен қатар, көлемдік мағына да жарыса көрініс тауып тұр. Бұл мысалда көлемдік (мекендік) мағынаның жарыса көрініс беруі үш факторға байланысты: біріншіден, *орындық* сөзінің мағынасына байланысты. Орындық — кісі отыруға арналған үй жиһазының бір түрі. Бұл зат есімнің жаралуында мекендік мағына табиғи бекіген. Екіншіден, *орындық* сөзінен кейін жатыс септікті *үсті* деген көмекші есімнің түсіп қалуы байқалады. Көмекші есімді қалпына келтіріп айтсақ,... жоғарыдағы ерекшеленген мүше тек мекен пысықтауыш болады. Осы аналитикалық сөз формасының (*орындықтың үстінде*) құрамындағы *үсті* көмекші есімінің ықшамдалуының арқасында бұрынғы пысықтауыш мүше толықтауышпен синкреттенген.

Себебі көмекші есімдер кеңістік мағынаны білдіріп, өзі тіркескен сөзді көбінесе пысықтауыш етеді. Көмекші есім ықшамдалған жағдайда оның құрамындағы септік жалғауы алдыңғы есім сөзге ауысады да, оның (көмекші есімнің алдындағы сөз) мекендік мағынасы әлсірейді. Нәтижесінде толықтауыштық мағына мен пысықтауыштық мағына синкреттенеді. Сондай-ақ *Ол төсекте отыр. Ол төсектен тұрды* деген сөйлемдердегі *төсекте, төсектен* деген синкретті мүшелер *төсектің үстінде, төсектің үстінен* деген сөз формаларының ықшамдалуы арқылы пайда болғандығын байқаймыз. Үшіншіден, меңгеруші *отыр* етістігі — мағынасы жағынан статикалық етістік. Етістіктің бұл мағынасы да мекендік мағынаны күшейте түседі» [2]. Алайда меңгеруші етістіктің статикалылығы бағыныңқы сөздің мекендік мәнін күшейтетіндігі түбегейлі тұжырым болмаса керек. Мысалы, *атта отыр* тіркесіндегі бағыныңқы сөзге еш уақытта да *қайда?* деп сұрақ қоя алмаймыз. Сондықтан бұл тұста адресанттың контекст пен жағдаят ыңғайына қарай кодталған хабарындағы интенцияны адресанттың «жазбай тану» қажеттігі негізгі деп саналуға тиіс, яғни ол үшін коммуникативтік актіге түсушілердің (қаламгер мен оқырман) өзара бақылаушылық қызметі маңызды болмақ.

Сонымен, толықтауыш пен пысықтауыш мүшелерінің синкреттенуіне кей жағдайда сөйлемнің толымсыздығы себеп болып жатады. Байқағанымыздай, бұл екі сөйлем мүшесінің ара-жігін ажыратуда меншіктік анықтауыш тұлғасының қызметі ерекше. Синкретті сөзге мұндай ілік жалғауын үстейтін сөздер — көмекші есімдер. Сөйлемдердің осындай синтаксистік құрылысын ықшамдағанда, адресант ығысқан көмекші есімдердің толықтауыш тұлғасындағы барыс, шығыс, жатыс жалғауларын анықтауыш тұлғасындағы сөзге қосатын болған. Қазіргі грамматикалық талдауларда мұндай синкретті мүшелер сөйлемдегі хабарды мұқият танып, сұрақты дұрыс қоя білумен толықтауыш және пысықтауыш болып ажыратылып жүр. Түптен келгенде, сөйлемдегі хабарды мұқият тану деген — адресант интенциясын дұрыс тану. Сонда ғана адресант хабарды толымды етіп қабылдайды да, синкретті мүшені толықтауыш не пысықтауыш деп ажырата алушылық мүмкіндігіне ие болады. Мұнан кез келген сөйлемді таза лингвистикалық емес, сонымен бірге психологиялық тұрғыдан да қарау қажет екендігі келіп шығады. «Сөйлеу, сөйлеу процестерін, сөйлегенді қабылдау, түсіну жағдайларын психологияның қатынасынсыз шешу мүмкін емес. Сөз мағынасындағы алуан түрлі құбылыстар, сөздердің келтірінді мағыналарында қолданылуы т.б. психологияның ассоциация заңына негізделеді» [3].

Енді көмектес септікті толықтауыш пен пысықтауыш синкреттенуіне тоқталып көрейік.

Қолда бар тілдік материалдарды психолінгвистикалық тұрғыда талдау арқылы синкреттіліктің бұл түріне де сөйлем толымсыздығының әсер етпей қоймағандығы анықталды. Алайда бұл тұста мәселе тек көмекші сөздердің түсірілуінде емес. Онда да көмекші сөз болатын — атау тұлғалы сөздермен байланысатын *арқылы* септеулік шылауы.

«Арқылы септеулігі зат есім, қимыл атауымен тіркесіп, істің, қимылдың амалын, не арқылы іске асқанын білдіреді» [4].

Осы секілді пікір М.Серғалиевте де бар: «Тілімізде бұл шылаудың соншалықты мол ұшырасатынына сай синоним болу сәттері де жиі кездеседі. Бұған синоним болушы конструкциялар объектінің ішіндегі құралдық мағынада жұмсалады...Көмектес септігінің жалғауы да арқылы-ның қызметінде жүре алады» [5].

Арғы жағаға көпірмен өтесіңдер сөйлеміндегі «көпірмен өтесіңдер» деген меңгерудің бағыныңқы сөзіне *немен? және қалай?* деп те сұрақ қоюға болады. Бұл — синкреттіліктің белгісі. Өйткені сөйлем толымсыз. Ығысқан сөз — *арқылы* септеулік шылауы. Сөйлемге ондағы хабардың декодталуы тұрғысынан ой жүгіртсек, ығысқан *арқылы* шылауы оп-оңай-ақ табылады. Демек, тіркестегі объектілік қатынастың ішінде құралдық мағына айқын аңғарылып тұр. Мұндай құралдық мағынада жұмсалатын сөздер көбіне-көп басыңқы сыңардағы етістікте баяндалатын әрекеттің орындалу тәсілін көрсете алу қабілетіне қарай актуалданады да, әдіс-тәсілді білдіретін сөз маңызсызданып, сөйлем құрылысынан ығысады. Мұнан да гөрі көз жеткізе түсу үшін хабардың декодталуына назар аударайық: (тіркес түрінде) *көпір арқылы өтесіңдер*. Басыңқы сөздің пысықтауышқа айналғандығы дау туғызбас деп ойлаймыз. Яғни сөйлемді толықтыру барысында аралық мүшені бір жақты еттік. Дәл осындай құбылысқа *телефонмен сөйлесті, хатпен* деген тіркестер де мысал бола алады. Бұл арада аталған септеуліктің көмектес тұлғалы меңгерудің барлығына бірдей қатысты емес екендігін айту керек. Айталық, *бормен жазды* тіркесіндегі бағыныңқыға *арқылы* септеулігінің еш қатысы жоқ. Себебі бордың өзімен жазуға болады, ал көпірдің өзімен өтуге келмейді, көпір арқылы өтуге болады, сондай-ақ телефонның өзімен сөйлесуге келмейді, бірақ телефон арқылы

сөйлесуге болады. Сонда, мұндай жағдайда *арқылы* септеулігімен жасалған аналитикалық сөз формасының қандай да бір әрекеттің орындалу тәсіліне тікелей қатысы болмай, жанама, яғни, дәнекерлік қызметте ғана жұмсалатындығы аңғарылады. Қысқаша баяндағанда, субъектінің әрекеті синкреттеніп тұрған объектінің өзіне емес, өзге бір келесі объектіге бағытталуға тиіс.

Енді бір сөйлемдерде құралдық мағынадағы сөздер әрекеттің орындалу әдісі мен тәсілін өзі арқылы беруге бейім келеді, яғни құралдық мағынадағы сөздің атауынан-ақ оның әрекетті қалай жүзеге асыратынын білуге болады. Осыған байланысты баяндауышты сипаттаушы сөз ығысады да, құрал атауы санада әрі әрекет, әрі зат ұғымдарын қоса бейнелейтін сөз ретінде бекиді. Бір сөзбен айтқанда, ол актуализатор қызметін атқарады.

Мысалы, *Бұл жақта ағашты балтамен бұтайды* деген жалпылама жақты сөйлемдегі «балта» сөзінде құралдық ұғыммен бірге (шабу) қимылдық ұғым да бар. Хабарды қабылдауда бұл сөздің осындай қасиеті міндетті түрде ескеріледі. Ол қасиет — қос ұғымды бір формамен кодтау қасиеті. Мұндайда адресант сөздің кодтай алушылық мүмкіншілігіне қарай хабарды толымсыз сөйлеммен береді. Себебі код «кілті» коммуникативтік актіге түсушілерге ортақ. Сонда ҚС *Бұл жақта ағашты балтамен шауып бұтайды* түрінде декодталады да, ондағы «шауып» сөзінің контекстке еш қатысы болмай қалады. Сонымен толымсыз күйінде талдауда «балтамен» сөзі — синкретті сөз, ал толымды етіп талдауда — толықтауыш мүше. Себебі екі бірдей ұғымды бір бойына сыйдырған сөздегі қосалқы пысықтауыштық мағына «шауып» көсемшесіне ауысады да, «балтамен» сөзі ондай қосымша грамматикалық қызметтен ажырап, қалған толықтауыштық мағынаны еншілейді. Сол сияқты және бір мысал: *Ол бес әріпті ауызбен (ауызбен дауыстап. — Ж.Б.) айтып жатудың ешқандай қажеті жоқ* (Ә.Кекілбаев). Ал **-п, -ып, -іп, -а, -е, -й** көсемшелерінің жеке тұрғанда көбінесе синтаксистік қызметі пысықтауыш болатыны белгілі [4; 529]. Осы секілді тағы бір мысал: *Таспен (...) ұстап алдым* (ықшамдалған сөйлем, мұнан былай — БС) — *Таспен ұрып ұстап алдым* (ҚС) немесе *Қайықпен (...) өттім* (БС) — *Қайықпен жүзіп өттім* (ҚС) т.б.

Осы жерде зерттеуші Т.Жүкеевтің еңбегіне тоқтала кетсек, онда «бұл септіктегі есім сөздер сөйлемде объектілік-амалдық, объектілік-себептік мағыналарда синкреттенеді. Мысалы: *Екі күнді әбігерлі (немен? қалай?) дайындықпен өткізді* (О.Бөкеев).

Кейде бұл септіктегі сөзде объектілік мағына мен себептік мағына түйіседі. Мысалы: *Шынында, Игілік осы үйді үлкен (немен? — не себепті?) есеппен жасатып еді* (Ғ.Мүсірепов)» делінген [1; 16].

Автордың синкреттілік құбылысын түсіндіруде бағыныңқыны меңгеретін етістікке көңіл бөлуі орынды. Десек те, синкреттенудің көмектес тұлғасына қатысты түрі объектілік-себептік мағына тудыратындығы күмәнді. Мәселен, жоғарыдағы екі сөйлемнің синкреттенуінде объектілік-амалдық мағына ғана бар сыңайлы.

Біздің ойымызша, олар — *Екі күнді әбігерлі дайындықпен (жанталаса) өткізді және Шынында, Игілік осы үйді үлкен есеппен (ойлай) жасатып еді* түрінде жоспарланған толымсыз сөйлемдер. Ал «есеп» сөзіне ассоциациялық өрісіндегі «ой» сөзі жақын тұратындығын ескерсек, толымсыз құрылыстағы бұл синкреттілік объектілік-амалдық мағына береді. Оған адресат ретінде өзіміз қабылдаған хабардың мазмұны дәлел деп ойлаймыз.

Ғалым Ә.Хасеновтің пікірінше, «септіктер категориясына тән ерекшеліктің бірі — мотивациялануы. Әр септік әр түрлі қатынасты — заттың затқа немесе заттың белгілі бір процеске қатыстылығын айқындайды» [6]. Мәселеге осы қырынан келгенде, сөйлемдегі толымсыздықтың нәтижесінен септік тұлғаларының бірден екінші түрге өтуінің мағыналық қатынасқа түрліше әсер етіп, синкреттілікке негіз болуы — заңды құбылыс. Егер қабылданған хабардың мазмұнына сүйенетін болсақ, мұндай ауысулардың, Т.Сайрамбаев айтқандай, «уақытша» (сөз саптау мен қабылдаудың арасындағы өлшем бойынша) екеніне толық көз жеткізген боламыз.

«Көсемше өзгермейтін форма екені, әрі қимылды, іс-әрекетті қимылға қатысты, соның сапалық қасиеті ретінде атайтын форма екені белгілі. Бұл жерде біз көсемшенің синтаксистік қызметін атап отырмыз» [7].

Дегенмен сөйлем мүшелерінің синкреттенуіне себеп болатын тілдегі үнем заңдылығынан кеп шығатын ығысу құбылысы деп нақты кесіп-пішіп айтудан аулақпыз. Негізгі мақсат — бұл мәселеге ығысу құбылысының қандай да бір қатысы бар екендігін ғана көрсету.

Әдебиеттер тізімі

1. Жүкеев Т.Б. Қазақ тіліндегі пысықтауыш мүшеге қатысты синкретикалық құбылыстар: Филол. ғыл. канд. ... дис. автореф. — Астана, 2005. — 28 б.
2. Жүкеев Т.Б. Қазақ тіліндегі пысықтауыш мүшеге қатысты синкретикалық құбылыстар: Филол. ғыл. канд. ... дис. 10.02.02. — Қарағанды, 2005. — 43-б.
3. Қордабаев Т. Жалпы тіл білімі: Оқулық. — Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының РБК, 1999. — 89-б.
4. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. — Астана, 2002.
5. Серғалиев М. Синтаксис мәселелері: Монография. — Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2006. — 83-б.
6. Хасенов Ә. Тіл біліміне кіріспе. — Алматы: Рауан, 1990. — 111-б.
7. Әмір Р., Әмірова Ж. Жай сөйлем синтаксисі: Оқулық. — Өнд., толық., 2-бас. — Алматы: Қазақ ун-ті, 2003. — 34, 35-б.

ӘОЖ 81' 373.422/512,122

Паремнологиялық қайшылықтар

Жүсіпов А.Е.

Рудный индустриалдық институты

Статья посвящается изучению вопроса о языковой природе пословиц и поговорок, способных использоваться в различных языковых ситуациях. Автор на основании сопоставительного анализа идиом казахского языка с другими языками рассматривает явление несоответствия путем сравнения значений слов, входящих в состав фразеологизма, что позволяет увидеть особенности формирования категории значения. В статье лингвистически обосновывается явление парадокса, подтверждаются результаты анализа достаточным языковым материалом.

The article is devoted to consideration of a question on the language nature of idioms which can use in different situations. Author of the article on the basis of the comparative analysis of the Kazakh language with other languages proves a phenomenon of opposition in aspect of semantics which allows to show a formation of a category of meaning. Also authors confirm a phenomenon of paradox, and they show results of the analysis of idioms by a sufficient language material.

Антикалық кезеңде қарама-қайшылық мәселесі батыста Платон және Аристотель еңбектерінде, суфистерде талқыланды. Қайшылықтың тілдегі және тілдесім кезіндегі қырлары стоиктер мен александрия мектебі грамматиктері, сонымен бірге Цицерон мен Секст Эмпирик еңбегінің өзегі болады. Қайшылық Шығыс елдерінде джайнист және будда логиктері, қытай даоцисі және парадоксалисі Хуэй Ши және Гунсунь Лун еңбектерінде жан-жақты зерттелген болатын. Ежелгі христиан кезеңінде Августинді осы сұрақ қатты қызықтырды, орта ғасырда схоластик Абельяр, Оккам, Гроссетест, Риард Софист және басқалардың еңбегінде қайшылық түрлі қырынан талданды. Н.Кузанский, Л.Валл және Дж.Бруно әлемнің құрылысы мен дамуындағы қайшылықтың орнын айрықша атап өткен болатын. Жаңа кезеңде Лейбниц пен Кант осы мәселеге аса мол көңіл бөлді. Гегель бұл мәселеге диалектикалық тұрғыдан келіп, Аристотельдің логикасын сынға алды. Ғаламның логикалық құрылымын Герbart пен Бредли қайтаруға тырысты. Қарама-қайшылықтың лингвистикалық қырын алғаш рет антиномия түрінде зерттеген В.Гумбольдт болатын.

Түрлі кезеңде қайшылық сараптау нысаны ретінде әр түрлі зерттеушінің еңбегінде кейде қарама-қарсылықтың соқтығысу нәтижесі, кейде таза және логикалық қайшылық түрі, кейде антиномия мен дилемма, кейде софизм мен парадокс деген атпен, кейде тілдік ауытқу түрінде талданған болатын. Тіл-тілдегі қайшылық, оның формасы мен қызметі сан түрлі, сондықтан көптеген зерттеушінің зерттеу нысанына айналды. Қайшылық қазақ тіл білімінде С.Аманжолов, М.Балақаев, Р.Сыздықова, Р.Әміров, М.Серғалиев, Ш.Сарыбаев, Б.Шалабаев, Қ.Аханов, С.Исаев, Х.Есенов, Х.Нұрмұқанов, М.Кожина, Ж.Мусин, Г.Смағұлова, С.Абақан, А.Жұмабекова, А.Ислам, Д.Әлкебаева, С.Қоянбаева, А.Әділова, Б.Кәукербаева, А.Бекмашева, Ж.Әділбекова және тағы басқа ғалымдардың жұмыстарында кей қырынан қарастырылған.